

Алтын Орданың түркілік элитасы

Меңдігүл С. Ноғайбаева

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ Алматы, Қазақстан

e-mail: nmskaz1129@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-51-61>

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орданың күрделі және ауқымды басқару жүйесіндегі түркілік саяси элитаның қалыптасуы, олардың ерекшеліктері мен орны талданды. Моңғол империясы ыдыраған соң пайда болған барлық мемлекеттермен салыстырғанда Алтын Орданың әкімшілік құрылымы өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Соның ішінде көшпелі түркі-моңғолдық ақсүйектердің Алтын Орданың қоғамдық саяси өмірінде белсенді рөл атқаруы, басқару құрылымында орын алуы әскери ақсүйектер (нояндар, бектер, әмірлер) шенінен көрініс берді.

Мақалада түркілік саяси элитаның қызметін талдауда негізінен ортағасырлық жазба деректермен қатар шежіре, батырлық жырлар мен аңыздардың мәліметтеріне назар аударылды. Жазба дерек мәліметтері тарихи жырлар мен қазақ шежірелерінің нұсқаларымен салыстырмалы түрде берілді. Мақалада көшпелі түркі-моңғол тайпаларынан шыққан тұлғалардың алтынордадық саяси элитаға айналуының біреше жолдары мен оған ықпал еткен факторлар талданды. Жергілікті ру-тайпа өкілдерінен шыққан бектер Алтын Орда тарихында ерекше рөл атқарған ықпалды тұлғалар ретінде тарихта қалды. Қыпшақтану үдерісі нәтижесінде Шыңғыстық идеология өзгерістерге ұшырады. Дегенмен, ол ендігі тұста посталтынордалық, соның ішінде кейінгі Қазақ хандығында да өзіндік дүниетанымды қалыптасырып, халқымыздың тарихында бүгінгі күнге дейін олар аңыздар, жыр дастандарда және сәулет өрнерінің ескерткіштері күйінде сақталып қалды.

Түйін сөздер: Бектер; Алтын Орда; түркілік элита; әлеуметтік статус; Алаша бахадүр.

Received 22.05.2023. Revised 23.05. 2023. Accepted 28.07. 2023. Available online 30.09.2023.

For citation:

Nogaiyayeva M.S. Turkic elite of the Golden Horde. // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences.Philosophy.Religion Series. 2023. – Vol. 144. – No. 3. – P. 51-61. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-144-3-51-61

Для цитирования:

Ногайбаева М.С. Тюркская элита Золотой орды // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 144. – №3. – С. 51-61. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-144-3-51-61

Кіріспе

Алтын Орданың саяси-әкімшілік құрылымы туралы зерттеулерде оның негізі халқын құраған көшпелі түркі-моңғол тайпалары өкілдерінің қоғамдағы әлеуметтік статусының қалыптасуы, қоғамдық-саяси құрылымдағы орны мен ықпалы туралы мәселелер назрадан

тыс қалып келе жатыр. Әрине, көптеген зерттеулерде жекелеген тұлғалар, мәселен, Едіге, Мамай және т.б. тарихы біршама қарастырылған. Дегенмен, Алтын Орданың күрделі және ауқымды басқару жүйесіндегі шыңғыстық емес, түркілік саяси элита қалай қалыптасты және оның орны қандай болды деген мәселе қызығушылық туғызады.

Алтын Орда өмір сүрген үш ғасырға жуық уақыт аралығында өзіндік қалыптасу, даму кезеңдерінен өтіп, саяси-әкімшілік құрылымында басқарудың моңғолдық дәстүрімен бірге жаулап алған елдердің де дәстүрін пайдаланды. Хан сарайы мен ұлыстарда өзіндік иерархиясы бар басқару жүйесі құрылды.

Моңғол империясы ыдыраған соң пайда болған барлық мемлекеттермен салыстырғанда Алтын Орданың әкімшілік құрылымының ерекшеліктері болды. Соның ішінде көшпелі түркі-моңғолдық ақсүйектердің Алтын Орданың қоғамдық саяси өмірінде белсенді рөл атқаруы, басқару құрылымында орын алуы әскери ақсүйектер (нояндар, бектер, әмірлер) шенінен көрініс берді.

Көптеген зерттеулерде Алтын Орда тарихындағы беклербек институты түркі-моңғол мемлекеттік дәстүрінің өнімі болса, уәзір мен диван кеңесі мұсылмандық мемлекеттік мекемелерден алған тәжірбиесі екендігін тұжырымдалған.

Бектердің иерархиясы түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, ұлыс әмірлерінен тұрғаны белгілі. Бұлар ұлық қараша бек және беклербектерден кейін әрқайсысы дәрежесі бойынша жайғасып, мемлекеттің әскери-әкімшілік құрылымын бақылайтын және әскери емес саланың істеріне іс жүзінде араласпайтын одақтың бір түрін құрады. XIV ғасырда Моңғол империясының жаулап алу дәстүрін сақтаушы көшпелі әскери ақсүйектердің бюрократиямен жақындасуы, тіпті белгілі бір деңгейде қосылуы байқалды.

Ортағасырлық автор әл-Омари Хулағуидікі Иран мемлекетіндегі ұлыс басшысы немесе төрт ұлыс әмірі мен олардың үлкені беклербек пен уәзірдің шешім қабылдаудағы дербестігін атап өткен (Тизенгаузен, 1884:250). Ал, Алтын Ордада ханнан кейін екінші тұлға болған беклербектер ханнан аттап өз бетінше шешім қабылдай алмаған, тіпті егер хан мықты тұлға болған кезеңде олардың рөлі төмен болған. Алайда, Алтын Орда тарихында шыңғыс ұрпақтарын өз қалауымен хан тағына қойып, ауыстырған Едігенің мысалы да бар. Осы орайда шыңғыстық билік жүйесінің әлсіреуі

мен түркі көшпелі ақсүйектерінің саяси ықпалының бірте-бірте артуы мен түркілік саяси элитаның қалыптасуына ықпал еткен негізгі мәселелерін талдаймыз.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада Алтын Орданың түркілік элитасының қалыптасуы мен қызметін анықтау үшін *проблемалық-тақырыптық әдіс* кеңінен қолданылды. Аталған әдіс арқылы Алтын Орда элитасын құраған топтар, олардың ерекшеліктерін атап өте отырып, түркілік немесе жошылық емес элитаның қалыптасуы мен орны талданды.

Зерттеу барысында *нақты талдау әдісі* тарихнамалық зерттеулер мен тарихи деректер кешенін пайдалануда олардың пайда болуы мен оларға ықпал еткен шарттарын ескеріп, теориялық және фактілік материалдарды өзара бірлікте қарастыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ *логикалық позитивизм, хронологиялық баяндау* әдістерін де пайдаландық.

Мақалада түркілік саяси элитаның қызметін талдауда негізінен ортағасырлық жазба дерек мәліметтерімен қатар шежіре, батырлық жырлар мен аңыздардың мәліметтеріне назар аударылды. Ортағасырлардағы жазба дерек мәліметтерін В. Тизенгаузеннен (Тизенгаузен, 1884; Тизенгаузен, 1941) бастап соңғы жылдары мемлекеттік бағдарламалар мен гранттар шеңберінде жарық көрген өзге де аудармалар арқылы пайдаландық (История Казахстана в персидских источниках. Том. III, 2006.; История Казахстана в арабских источниках. Т.3. 2006.). Мәселен, XV ғасырдың алғашқы ширегінде жазылған «Му' ииз ал-ансаб» Шыңғыс және Темір ұрпақтарының шежіресіне арналған құнды дерек. Бұл еңбекте XIII-XV ғасырлардағы ортағасырлық түркі-моңғол тайпаларының құрылымы, жетекші тайпалар иерархиясындағы өзгерістер мен олардың әскери-әкімшілік жүйесіндегі орны, көшпелілердің салт-дәстүрлері мен қоғамдық өміріндегі ережелері туралы маңызды мәліметтер берілген (История Казахстана в персидских источниках. Том. III, 2006:5-6). Аталған дерек мәліметтерін «Едіге батыр» жырының (Бабалар сөзі, Т.39. 2006.), қазақ шежірелерінің нұсқаларын

салыстырмалы түрде талдауға ұмтылды. Едіге жырының Ш. Уалиханов жазып алған, М.Ж. Көпеев жинаған, Нұртуған жырау жырлаған, Ә. Диваев жариялаған нұсқалары жан-жақты қарастырылды. Себебі, бұл нұсқалар баяндау үлгісі, кейбір жекелеген жайттарды нақтылауда өзіндік маңызға ие болып келеді.

Классикалық жазба деректермен салыстырғанда «далалық ауызша тарих айту» дәстүрінің жарқын үлгісі болып саналатын Қадырғали Жалайыр еңбегі (Қадырғали Жалайыр, 1997) мен Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» еңбегі (Өтеміс қажы, 2005), сондай-ақ қазақ фольклорының ерекше тобы – «авторлық тарихи жырлар» деп жіктелген тарихи эпостық жырларың ішіндегі Шыңғыс хан және ұрпақтары туралы шығармалар (Қазақ қолжазбалары, Т.1. 2010) негізгі деректер тобын құрады. Алтын Орданың далалық ауызша тарихнамасында «Шыңғыс хан ру, бектердің шақыруымен» дала билеушісі болғаны туралы ұғым қалыптасты (Иванич, 2002:316) деп атап көрсетті. Сондықтан мақалада түркілік саяси элитаның қалыптасуының шыңғыстық идеологиямен интеграциялануы мен посталтынордадық кезеңдегі дүниетанымның ерекшеліктері де сипатталады.

Талқылау

Алтын Орда тарихындағы түркілік элитаның қалыптасуының жекелеген мәселелері кеңестік кезеңдегі зерттеушілердің атап айтқанда Алтын Орданың қоғамдық, әкімшілік құрылымы туралы зерттеулер жүргізген Г.А. Федоров-Давыдовтың зерттеулерінде қарастырылды. Зерттеуші XIII-XIV ғасырларда бектер әдетте, Шыңғыс ұрпақтарымен қандас туыс емес, өз тайпаларымен бірге вассалдықта болған тайпа басшылары еді, моңғолдар билігі орнағанға дейінгі ескі ақсүйектер ұрпақтары, өз тайпасымен байланысын әлі үзбеген, немесе хан тағайындаған, әскери қызметі үшін мұраға ұлыс алған, олардың құрамына көбінесе басқа және жат тайпалар кірген әскери жетекшілер болғанын атап өтті (Федоров-Давыдов, 1973:46-47). Жалпы Алтын Орданың әлеуметтік-мемлекеттік құрылымының өзіндік

ерекшеліктері ретінде бірте-бірте хандар мен ру-тайпа кландары арасындағы қарым-қатынастардың жоғарғы билікті тежеу мен тепе-теңдікте ұстап тұрудың жүйесі ретінде көрінуі болды. Ю.В. Селезневтің Алтын Орда элитасына арналған анықтамалық еңбегінде XIII-XV ғасырларың алғашқы отыз жылдығындағы «татар элитасы өкілдерінің» тарихи-библиографиялық мәліметтері берілген Аталған еңбекте Алтын Орда элитасын бірнеше топқа, атап айтқанда билеуші династия өкілдері ретінде Жошы ұрпақтарына, екінші олармен некелік қарым-қатынаста болған жошылық емес феодалдар тобына, одан әрі ханнан әртүрлі артықшылықтар алған қызметші ақсүйектер тобына бөлген. Сонымен қатар, элитаның жеке қабатын құраған мұсылмандық дін иелері мен жаулап алған жерлердегі, соның ішінде орыс және кавказ ақсүйектері жеке топ ретінде қарастырылған (Селезнев, 2009). В.П. Юдин бірінші рет Өтеміс қажының еңбегін аударып, талдай келе XIV ғасырдың ортасынан кейін (шамамен Бердібек хан тұсында – авт.) Шығыс Дешті Қыпшақтағы биліктің Өзбек хан тұсындағы деректерде аты белгілі қият Истайдың Жыр-Құтлы деген баласынан туған немересі Теңіз-Бұғаның қолында, яғни тайпа бектерінің қолында болғанын тұжырымдаған (Өтеміс қажы, 2005:105-110)

Біз, негізгі зерттеу нысанымыз ретінде жошылық емес, яғни түркілік саяси элитаның қалыптасуы мен қызметіне, олардың әлеуметтік статусының ерекшеліктеріне тоқталамыз. Брилл баспасынан соңғы жылдарда жарық көрген «Ханзада, қауырсын және қылыш: Еуразиялық перспектива» аты ұжымдық зерттеудің Мари Фаверо Думенжу мен Лизбет Гиверс жазған 6-шы тарауында Алтын Орда мен испандық Габбусбургтердің билеуші династияларын салыстырмалы түрде талдай келе, Алтын Орда хандарының билік ерекшеліктерін көрсете отырып, Дала саясатындағы тайпа бектерінің рөліне де тоқталып өтеді (Marie Favereau Doumenjou, Liesbeth Gevers, 2018: 477-480). Тақырып бойынша маңызды зерттеу Ю. Шамилоглудың монографиялық еңбегі болып табылады. Зерттеуші Алтын

Орданың әлеуметтік құрылымы мен тайпалық саясатты байланыстыра отырып, Алтын Орданың саяси ұйымдасуының басты принципі ретінде «төрт би жүйесі» немесе ханның мемлекетті қараша билермен өзара тығыз байланыста басқарғаны туралы тұжырымын ұсынды (Шамилоглу, 2019). Ж. Сәбитов Өзбек және Жәнібек хандар тұсындағы әмірлер туралы зерттеулерінде Алтын Орда тарихындағы әмірлер иерархиясын талдайды және әмірлердің шығу тегі, олардың саяси өмірдегі орны мен ықпалы туралы мәселелерді қарастырады (Сабитов, 2014). Біз тайпа бектерінің қалыптасуына әсер еткен факторлардың кейбір қырларын тайпа бектерінің қызметі мен орнын қарастырғанда тұжырымдаған едік (Ноғайбаева, 2022). У.М. Агатай өз мақаласында Жошы ұлысының немесе Алтын Орда тарихына қатысты бұрын зерттеушілер назарынан тыс қалған маңызды деректердің бірі XVII ғасырдағы анонимі автордың «Дафтар-и Чингизнаме» атты еңбегінде аталатын Жәнібек хан тұсындағы тайпа бектерінің, соның ішінде қоңыраттан шыққан қырық сүңгілі Болат баһадүрдің ұлы Бек бидің тұлғасын қарастырған. Автор Алтын Орда тарихынағы бектердің ерекше белгілерінің (мысалы, сүңгінің – авт.) символикалық мәніне талдау жасайды (Агатай, 2021:92-114). Дәл осы деректі талдай келе келесі зерттеуші И. Мустакимов деректегі Жәнібек ханның бектері туралы мәліметтерде аттары аталатын бектер мен билердің тарихи бейнесін идентификациялауға тырысқан (Мустакимов, 2009: 123).

Нәтижелер

Көшпелі түркі-моғол тайпаларынан шыққан тұлғалардың алтынордалық саяси элитаға айналуының біреше жолдары мен оған ықпал еткен факторлар болды. Әрине, түркі-моғолдық көшпелі ру-тайпа өкілдерінен шыққан әмірлер мен бектер сонау Шыңғыс хан тұсында-ақ түмен басы, мыңбасы болып сайланған тұлғалардан бастау алды (Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. Т.1. 2006). «Му'ииз ал-ансабта» Шыңғыс хан мен оның төрт ұлының кезінде әскербасы болған әмірлер туралы мәліметер келтірілген.

Мәселен, Жошы ұлысына берілген әмірлер ретінде сиджийут, кунлийнт, хушин, арлат тайпаларынан шыққан әмірлерің аттарын атап көрсете отырып, сонымен қатыр бүгінде аттары белгісіз болып қалған басқа да әмірлер болғаны туралы хабарлайды (История Казахстана в персидских источниках, 2006:39). Түменбасы болған әмірлер алғашында нояндар деп аталды, сонымен қатар «эке» - ұлы деген қосымша атақты қоса иеленді (Тизенгузен, 1884:330). Сондықтан әлеуметтік тұрғыдан алғанда әмірлер түменбасы, мыңбасы ретінде өзіндік иерархияны сақтады. XIV ғасырдан бастап олар түркілік дәстүрмен «бектер» деп атала бастады. Бектер немесе әмірлер әлеуметтік статусын мұрагерлік жолмен сақтап қалумен қатар, Шыңғыс ұрпақтарына сіңірген еңбектері арқылы да иелене алатын. Түменбасылар бірте-бірте белгілі бір аймақтың билеушілері ретінде көріне бастады. Онымен қатар олардың мұрагерлік жолмен берілетін атақтарына (түменбасы-эке ноян-бек) еңбектеріне қарай белгілі бір қызмет түрлері берілген болса керек. Ал, моғолдар билігі орнағанға дейінгі ескі саяси элита шыңғыстық идеология үстемдік құрған моңғол империясының барлық бөлігінде, соның ішінде Алтын Ордада өз ықпалынан айрылды. Дегенмен, Шыңғыс ұрпақтары өз билігін нығайту мен одан әрі сақтап қалу жолында бірте-бірте олармен жақындаса түсті. Сонымен қатар түркілік элитаны белгілі бір артықшылықтарға ие болған ру-тайпалар құрады. Мұндай өзіндік артықшылықтары бар тайпалар ретінде ең алдымен ежелден Шыңғыс ұрпақтарымен құдандалы болып келе жатқан қоңырат, ойрат және керейттер аталады. Сондай-ақ, түркілік элитаның басында тұрған тайпалар ең алдымен өзінің идентификациясы айқын әлеуметтік топты құрады және олардың белгілі бір табулары, ұрандары мен ауызша айтылатын жеке тарихы болды (Marie Favereau Doumenjou, Liesbeth Geervers, 2018: 478). Мысалы, «Дафтар-и Чингизнамеде» қоңыраттардың артықшылықтары «қырық сүңгілі» Бек бидің бейнесі арқылы символикалық түрде көрінген (Агатай, 2021:105)

Алтын Орда элитасының билігі рулық принцип арқылы беріліп сақталып отырды.

Сондықтан Алтын Орда тарихындағы «ақсүйек» тайпалар өздеріне берілген «артықшылықтарды», яғни қызмет түрлерін әрдайым сақтап қалуға ұмтылғаны белгілі. Ортағасырлық деректерде Алтын Орданың түркілік элитасы, яғни қызметтік ақсүйектер көбінесе елшілік миссияларды атқарғаны туралы көптеген мәліметтер сақталған. Олар елшілер ретінде сауда байланыстары, соғыс пен бітімгершілік, некелік одақтар құру және т.б. маңызды істерді жүзеге асырды.

Алтын Орданың дамуы мен одан кейінгі құлдырау кезеңдерінде оның қоғамдық-саяси өміріндегі бектердің рөлі арта түсті. Сонымен бірге оғыз-қыпшақтық дәстүрлер де қайта жаңдана бастағанын беклербектердің соғыс кезінде әскерлерді басқару, ал бейбіт уақытта ұлыстарды басқару міндетін атқарғандығынан көре аламыз.

Беклербек тек бектердің (нояндар немесе әмірлер) басшысы ғана болған жоқ және бұл қызметте жоғарғы қолбасшы қызметін де атқарды. Араб деректерінде Алтын Орданың беклербектерінің бірін «... ислам мен мұсылмандардың ұлылығы, екі әлем әмірлерінің басшысы, дін үшін күресушілер мен жауынгерлердің жақтаушысы, әскерлердің басшысы, патшалар мен сұлтандардың дәнекершісі, мұсылмандар әміршісінің қылышы» (Тизенгаузен, 1884:230) ретінде сипаттайды.

Тайпа ақсүйектерінің Шыңғыс хан әулетімен жақындасу арқылы белгілі бір артықшылықтарға ие болуы әртүрлі жолдармен, атап айтқанда некелік қарым-қатынастар (шыңғыс әулетіне күйеу болу немесе қыз беру), арнайы қызметтер атқару (аталық, беклербек және т.б.) және т.б. жолдармен жүзеге асты. Мәселен, XIV-XV ғасырдың бірінші ширегінде беклербек қызметі түркілік ақсүйектердің қолына өте бастағанда олардың көбінесе ханның туысы - күйеу балалары стутасында болғанын көреміз (Marie Favereau Doumenjou, Liesbeth Gevers, 2018:477-480). Шыңғыс ұрпақтарымен некелік қарым-қатынаста, соның ішінде күйеу бала немесе гурген статусында болуы немесе шыңғыс ұрпақтарына қыз беру Алтын Ордада барлық топтардағы шыңғыстық емес

ақсүйектерге ерекше әлеуметтік мәртебе берді.

Дегенмен, біздің пікірімізше Алтын Ордадағы түркілік элитаның қалыптасуына ықпал еткен екінші әрі ең негізгі фактор ол әрине, қыпшақтану үдерісі болды. Қыпшақтану үдерісінің нәтижесі рулар мен тайпалардың араласуы, моңғол тайпаларының түркіленуі, ислам дінін қабылдау, қыпшақ тілінің үстемдігінен көрініс берді. Осылайша Алтын Орда тарихында көшпелі түркі тайпаларының түрлі жолдармен бірте-бірте өз ықпалдарын артыру түсіп, Алтын Орда элитасын құрағанын көреміз.

Мемлекеттегі жошылық емес бектер ықпалының күшеюінің алғашқы белгілерін Рашид-ад Дин баяндаған мына бір тарихи сюжеттен көруге болады. Алтын Орда ханы Тоқтаның қайын атасы Салджитай гурген ұлына сол кездегі ықпалды беклербек Ноғайдың қызы Қабақты айттырып алып береді. Біраз уақыт өткенде ислам дінін қабылдаған Ноғайдың қызы мен Салджитайдың ұлы Яйлақтың арасы салқындайды. Тіпті келіндеріне атасы да жеккөрушілікпен қарай бастайды. Бұл туралы білген Ноғай Тоқта ханнан Салджитайды өзіне жазалау үшін жіберуді талап еткен кезінде айтқан сөздерінің ішінде Сайын хат тағына отырғызу үшін (Тоқта ханды) істеген еңбегін атап өте келе, «қазір бұл тақта Салджитай қараша пәрмен беріп отырғанына» назар аударғаны маңызды (Тизенгаузен, 1941:70).

Өзбек пен Жәнібек хандар билік құрған жылдар Алтын Орданың ең гүлденген, күшейген кезеңі ретінде қарастырылғанымен, дәл осы кезеңдерде ханның мемлекет істеріндегі маңызды мәселелерін беклербек қызметіне ие болған түркі тайпаларының өкілдері шеше бастады (Ногайбаева, 2022:110). Сарай төңкерісінің нәтижесінде өз ұлы Бердібектің қолынан қаза тапқан Жәнібек ханның билігінен кейін Алтын Ордада хан билігімен бәсекеге түсе алатын тайпа басшылары мемлекеттік саясаттың дербес субъектілері ретінде әрекет еткенін көреміз.

Жалпы Алтын орданың әкімшілік құрылымында, басқару жүйесінде шыңғыс ұрпақтары тарапынан білгілі бір

артықшылыұтарға ие болған ықпалды рулар мен тайпа бектері берік орын алды. Олар кейін Жошы ұлысының ыдырауы кезінде құрылған хандықтар мен ордаларда негізгі рөл атқара бастады.

Тарихта аты белгілі Алтын Орда әмірлері-беклербектер есімі хан билігі әлсіз немесе хан билігі жоқ кезеңде алғашқы орынға шығып, Алтын Орда тарихында өзіндік өрнегін қалдырды. Жоғарыда атап өткеніміздей В.П. Юдин «Шыңғыснаме» мәліметтеріне сүйене отырып, Шығыс Дешті Қыпшақтағы тайпа бектерінің билігі туралы, атап айтқанда Өзбек хан билікке келер тұстағы Тоқта ханның аталығы болған ұйғыр Бажыр Тоқ-Бұғаның билікті узурпациялау әрекеті, нәтижесіне «қара сүйек» қийят Истайға Жошы ұрпақтарының «қосын» (қызметші – авт.) болуы немесе Исатайдың немересі Теңіз-Бұғаның Жошы әулетінен шыққан «қосынды» әкесі Жыр-Құтлыға мазар салғанда қалай пайдаланғаны туралы мәліметтерді талдады (Өтеміс қажы: 103-106). Ол осылайша XIV ғасырдағы Шығыс Дешті қыпшақтағы биліктің тайпа билеріне өтуінің көріністері туралы ауызша тарихнама мәліметтерін талдады. Едіге батыр жырының атақты Нұртуған жырау жырлаған нұсқаларының «Мәулімнияз-Едіге» деп аталатын көшірмесінде Едігенің ұлы Нұраддиннің қашып кеткен Тоқтамыс ханды қуып кеткеніне алты ай болғанда Едігенің досы Аңғысынды сол елге хан қойғаны туралы айтылады (Бабалар сөзі: 302). Осы арадағы Аңғысын тұлғасына тоқталсақ ол Едіге жырының барлық рұсқаларында оның досы ретінде аталады. Басқа дерек көздерінің ішінен оның есімі «Шыңғыс-намеде» қийят Истай мен сыжұт Алатай Өзбек ханды хан тағына отырғызу үшін аттанып кеткен кезеңде сарайда билікті иеленіп алған ұйғыр Бажыр Тоқ-Бұғаның сатқындығы туралы хабар берген тұлға ретінде аталады. Ол Өзбек хан мен бектерінің алдынан шығып:

«Менің атым Саңғұсын,

Аңғарғайсың арғысын», – деп сөз бастап, сарайда орын алған жағдайды баяндап, бастарын аман алып қалу жолын жеткізеді (Өтеміс қажы: 175). В.П. Юдин осы деректегі Саңғұсынды А.Н. Коновтың аудармасы

арқылы Әбілғазының «Түрік шежіресінде» Жәнібек ханның «түрікмендерге кінәлілер мен қылмыс жасағандарды» жазалау үшін жіберген адамы ұйғыр Санкы-Синмен бір тұлға деп есептеген (Өтеміс қажы:125-126). Ал, біз Аңғысын-Саңғұсын бір тұлға ал, шыққан тегін бірқатар деректерге сүйене отырып алшын тайпасы деп топшылаймыз. Едіге жырының Ә.Диваев жариялаған «Мырза Едіге батыр» атты нұсқасында Едігені Тоқтамыс ханның қатыстық жасап өлтірмекші болған тұсында Алшыннан шыққан Аңғысын досының амал жасап құтқарып қалғаны туралы баяндалған (Бабалар сөзі: 53-54). Едігенің той үсінде Тоқтамыстың қастығынан досының көмегімен құтылғаны туралы сюжет (бірақ мұнда досының аты аталмайды) ибн Арабшахтың да дерегінде айтылады (Тизенгаузен, 1884:458)

Алтын Орда мемлекетінің ыдырау процесімен бірге сонау Шыңғыс дәуірінен қалыптасқан салт-дәстүрлер де өзгере бастады. Мұның бірден-бір себебі моңғол шапқыншылығынан бірнеше ғасыр өткен кезеңде жергілікті түркі және түркіленген моңғол тайпалары саяси билікке ие болып, ендігі жерде жергілікті жердегі бар билікті өз қолдарына шоғырландыра бастауы еді. Осы кезден бастап әлсіреген Шыңғыс ұрпақтарының номиналды билігі сақталып қалды. Мысалы, Моғолстандағы дулаттар Шағатай ұрпақтарынан хан сайлау дәстүрін сақтап қалғанымен, іс жүзінде саяси билікті өз қолдарына алғаны сияқты, Жошы ұлысында Алтын Орданың ыдырауы тұсында құрылған Ноғай Ордасының негізін салушы, маңғыт тайпасынан шыққан Едіге тұсынан бастап, оның келісімінсіз хан сайламайтын дәстүр қалыптасып, бұл оның ұрпақтары тұсында да жалғасты. Соның нақты көрінісі осы кезеңде ыдырауға ұшырап жатқан Алтын Орданың қай бөлігінде болмасын хан сайланса, оның қасында Едіге ұрпағынан тараған бидің болуы заңды жағдайға айналды. Бұл жергілікті ру-тайпалардың күшеюі мен бұрынғы салт-дәстүрлердің бел ала бастаған тұсында тек Шыңғыс ханның «алтын уруғ» деп аталған төрт ұлынан тараған ұрпақтың ғана хан сайлануын заңдастырған шыңғыстық идеологияның

әлсіреуі нәтижесінде пайда болған өзгеріс еді. Біз қарастырып отырған кезеңде маңғыт тайпасынан шыққан Едіге ұрпақтары маңғыттармен қатар, деректерде кейде қыпшақтар деген жалпы атаумен берілген этносаяси қауымдастыққа сүйенген күшті саяси болды. Олар Шыңғыс ұрпақтарынан хан сайлау дәстүрін шартты түрде сақтай отырып, өздеріне қолайлы басшыға ғана қолдау көрсетіп отырды. Жалпы осы кезеңдегі тайпа бектерінің билікке ұмтылысы, Жошы ұрпақтары билігінің әлсіреуіне байланысты өзгерістер туралы «Едіге» жырында Тоқтамыс ханның екі қызының зарында:

... Заманның айнығаны осы дағы,
Амал не, көндік тағдыр жазғанына-ай.
Бас қамын ойлап қашқан

патша, бектер,

Бұл елге бас болар ма бұрынғыдай?! – деп жырлағанынан көреміз (Бабалар сөзі:303).

Қадырғали Жалайыр 1428 жылы Ақ Орда мемлекетінің соңғы билеушісі, әрі сол замандағы күшті билеуші Барақ тұсында беклербек (ханның биі) дәрежесін иеленген Едігенің ұлы Мансұр Барақтың қолынан қаза тапқанын жазады (Қадырғали Жалайыр, 1997:118). Міне, осындай жағдайда батысқа Кішік Мұхаммед ханға қашып, паналауға мәжбүр болған Мансурдың інілері Ғази мен Наурыз хан әскеріне сүйене отырып, Барақты жеңеді (Қадырғали Жалайыр, 1997:118).

Осы тұстағы Едіге ұрпақтарының қолайына Барақ сияқты тәуелсіз билеушінің жақпайтыны белгілі еді. Дәл осы кезеңд хижраның 833 жылы (1428-1429 жж.) 17 жасар Әбілхайырдың билікке ұмтылысын сол кездегі даланың ықпалды тұлғалары Алаша баһадүр мен оның аймағына қарасты ру-тайпа өкілдері қолдайды. Олар қоңырат, чинбай, иджан, құсшы, барак, кенегес және т.б. тайпаларының басшылары және Құл-Мұхаммед-Саййид, Қара Саййид сияқты дін басылары болды (МИКХ, 1969:143-144). 17 жасар Әбілхайырды ықпалды тұлғалар мен көшпелі тайпа өкілдерінің көпшілігінің қолдауы және оның қасынан Едіге ұрпағы Оқас бидің табылуының себебі де осыдан болса керек. Оқас би Әбілхайырдың маңында жиырма жылдай болды.

Қадырғали Жалаиридін жазғанындай хан мен би «бір кеседен ішкен».

Алаша баһадүр біздің пікірімізше осы кезеңдегі дала ақсүйектерінің, яғни түркілік элитаның ең көрнекті өкілдерінің бірі. Он алты жасында маңғыттардың қолынан босап шыққан Әбілхайрға үлкен қолдау көрсеткен Алаша туралы Усман Кухистани: «... [Абу-л-Хайр]-султан, обладатель ангельских качеств, в надежде на благополучие и счастье остановился в юрте Алаша-баһадүра, калантара большого аймака. Алаша-баһадүр и прочие калантары того могущественного султана, опоясались поясом искренней дружбы и служения и с утра до вечера беспрекословно исполняли службу. Ту зиму хазрат [Абу-л-Хайр-султан] с помощью поддержки и милости божественной провел там...»

[А] Алаш-баһадүра и его аймак..., проявивших услужение и усердное моление, одарил дорогими халатами и такой царственной милостью, что невозможно представить больше этого, и оставил в его компетентном держании [право] распоряжения [своей] страной и имуществом...» (МИКХ, 1969:143, 145).

Уақыт өте келе Әбілхайыр 17 жасар жас билеушіден бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың тәжірибелі билеушісіне айналды. Сондықтан 1440 жылдардан бастап Оқастың ұрпақтары өздеріне тиімді билеушіні іздестіруді бастап кетті (Трепавлов, 2002:100-106.). Ал, Алаша баһадүр өз аймағын басқару құқығын сақтап қана қоймай, ханның өзі де осы Алаш баһадүрмен әрқашан санасуға мәжбүр болған ықпалды тұлға болып қала берді. Оның есімі жауынгерлік ұранға айналды деп ойлаймыз. «Алаш» этнонимінің пайда болуы туралы зерттеулер жүргізген авторлардың бірі «Монғол ұлыстары ыдырар тұста, жаңа әлеуметтік және территориялық бөліністер басталғанда, Алаш ұлысына кіретін түркі тайпалары әскери тұрғыдан мыңдықтарға бөлінді, міне, осыған байланысты «үш сан Алаш мыңы» деген ұғым пайда болды. «Маджму ат-таварих» дерегінде 92 тайпа тізімінде алғашқы жетілікке кіретін үш тайпа – жалайыр, қоңырат, алшын осы «үш сан Алаш мыңын» құраған тәрізді»

деген қорытынды жасаған (Қазақ ру-тайпалараның тарихы, 2005.).

Қорытынды

Алтын Орданың саяси элитасын құраған әртүрлі категорияға жататын топтардың ішінде түркілік элитаның ең алдымен әскери аристократия өкілдері ретінде қалыптасқанын көреміз. Олар уақыт өте келе өз ықпалдарын Жошы ұрпақтарымен некелік қарым-қатынастар, беклербек, бек, мыңбасы, аталық тәрізді қызметтері арқылы күшейте түсті. Әсіресе, Алтын Орда тарихындағы беклербектер институты ерекше болды. Уақыт өте келе бұл қызметті жергілікті ру-тайпа өкілдерінен шыққан тұлғалар иеленіп, олардың көбі Алтын Орда тарихының «өрнегін түзген» ықпалды тұлғалар ретінде тарихта қалды. Қыпшақтану үдерісі нәтижесінде Шыңғыстық идеология өзгерістерге ұшырады. Дегенмен, ол ендігі тұста посталтынордалық, соның ішінде кейінгі Қазақ хандығында да өзіндік дүниетанымдық құндылықтарды қалыптастырды және ол далалық ауызша тарих айту дәстүрінде айқын көрініс берді.

Алтын Ордадағы түркілік саяси элита рулық принцип негізінде қалыптасып, сақталды. Нәтижесінде ерекше мәртебеге ие болған ру-тайпалар мен олардың қоғамдық-әлеуметтік құрылымдағы орны туралы дәстүрге айналған ұғымдар қалыптасы. Мәселен, қазақ-ру тайпаларының «ноқта ағалық» дәрежесі (жалайыр, тарақты, тама

немес табын – авт.) туралы дәстүрді атап өтсек болады.

Осы кезеңдегі түркілік саяси элитаның көрнекті өкілдері ретінде тарихи деректерде мәліметтер сақталған тұлғаларға қатысты аңыз әңгімелер, жыр-дастандар халқымыздың руханиятында әлі күнге дейін сақталып келеді. Тіпті, В.П. Юдин атақты Көкесене Жыр-Құтлы мазары болуы мүмкін деп болжаса (Өтемісқажы, 2005:110), бірқатар зерттеушілер атақты Алаша хан кесенесін Алаша бахадүр кесенесі болуы мүмкін деп болжайды. Мари Фаверо Думенжу мен Лизбет Гиверс Алтын Орда хандары Шыңғыс ұрпақтарының басқа әулеттерімен (мысалы, Хулагидтер – авт.) салыстырғанда өз әулетін мадақтайтын шежіре, хроникалар жаздыру дәстүрін пайдаланбағандарын атап өтеді. Дегенмен авторлар бұл мәселе олардың ауызша тарихында айтылмады дегенді білдірмейді, дала өкілдерінің «қара сөздері» тек хандар ғана емес айбатты бектер туралы да жыр дастандарды ауыздан сақтап айтып келді дей келе олардың деректік маңызын атап өтеді (Marie Favereau Doumenjou, Liesbeth Geever, 2018: 479).

Көріп отырғанымыздай, Алтын Орданың түркілік элитасының тарихын зерттеу жалпы отан тарихындағы этникалық тарих, этносаси үдерістер, әдебиет, ұлттық деректану, археология, ескерткіштану салаларының көптеген мәселелерін қайта қарау мен тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Мақала №BR10965240 ғылыми-зерттеу жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер

Marie Favereau Doumenjou, Liesbeth Geever. The Golden Horde, the Spanish Habsburg Monarchy, and the Construction of Ruling Dynasties // In: Prince, Pen, and Sword: Eurasian Perspectives Series: Rulers & Elites, Volume: 15. – Brill, 2018. – P. 452–512.

Агагай У.М. «Обладатель сорока копий» в списке Дафтар-и Чингиз-наме: определение, значение, символ // Universum Humanitarium. 2021. – №1. – С. 92-114.

Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.39. – Алматы: Фолиант, 2006. – 448 б.

История Казахстана в персидских источниках. Том. III. Му'ииз ал-ансаб. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 672 с.

История Казахстана в арабских источниках Т.3: Извлечение из сочинений XII-XVI веков / Составление, перевод с арабского языка, введение и комментарии А.К. Муминова. – Алматы: Дайк-Прес, 2006. – 713 с.

- Иванич М. «Дафтар-и Чингиз наме» как источник по истории кочевых обществ // Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани 1223–1556. – Казань: Ин-т истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2002. – С. 314–328.
- Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.
- Қазақ қолжазбалары. Он томдық. Т.1.: Авторлық тарихи жырлар / құраст.: Т. Әлбекоов – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – 624 б.
- Қадырғали Жалайыр шежірелер жинағы / Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы, 128 б.
- Қазақ ру-тайпаларының тарихы: Найман. – 1- кітап. – Алматы: Алаш тарихи зерттеу орталығы, 2005. – 443 б.
- Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. Моңғолдың құпия шежіресі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 395 б.
- Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений // Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651с.
- Мустакимов И.А. Об одном списке «Дафтар-и Чингис-наме» // Средневековые тюрко-татарские государства. Вып. 1. – Казань, 2009. – С. 122-131.
- Ноғайбаева М.С. Алтын Орда тарихындағы тайпа бектерінің рөлі мен қызметі // Journal of history. 2022 – №3. – Б.105-112.
- Өтеміс қажы. Шыңғыснаме // Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Т.1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 150 б.
- Сабитов Ж. Эмиры Узбек хана и Джанибек хана // Золотоордынское обозрение. 2014. – № 2(4). – С. 120-134.
- Селезнев, Ю.В. Элита Золотой Орды. Научно-справочное издание. Казань: Из-во «Фэн» АН РТ, 2009. – 232 с.
- Тизенгаузен В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, извлечения из арабских источников. Т.1. – СПб., 1884. – 564 с.
- Тизенгаузен В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Т.2. – М.-Л., 1941. – 605 с.
- Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М.: МГУ, 1973. – 180 с.
- Шамильоглу Ю. Племенная политика и социальное устройство в Золотой Орде / Перевод с англ. яз. Ч.И. Хамидовой, Р. Хаутала. Отв. ред. И.М. Миргалеев. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2019. – 260 с.

М.С. Ноғайбаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Тюркская элита Золотой Орды

Аннотация. В статье анализируется формирование тюркской политической элиты, ее особенности и положение в сложной и масштабной системе управления Золотой Орды. Административное устройство Золотой Орды имело свои особенности по сравнению со всеми государствами, возникшими после распада Монгольской империи. В том числе активная роль кочевых тюрко-монгольских аристократов в структуре управления Золотой Орды и ее общественно-политической жизни нашло отражение в званиях военной аристократии (нойоны, беки, эмиры).

В статье основное внимание при анализе деятельности тюркской политической элиты уделялось сведениям шежире, героических эпосов и легенд, а также средневековым письменным источникам. Сведения письменных источников было сопоставлены с образцами исторических эпосов и казахских шежире. В статье были проанализировано несколько путей и факторов, способствовавших превращению выходцев из кочевых тюрко-монгольских племен в политическую элиту Золотой Орды. Беки, происходившие из местных племен, вошли в историю как влиятельные фигуры, сыгравшие особую роль в истории Золотой Орды. В результате кыпчакизации идеология Чингисхана претерпела изменения. Однако она сформировала своеобразное миропонимание в постзолотоордынское и последующее время в период Казахского ханства и сохранилась в истории нашего народа до наших дней в виде легенд, эпосов, архитектурных памятников.

Ключевые слова: Беки; Золотая Орда; тюркская элита; социальный статус; Алаш бахадур.

M.S. Nogaibayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Turkic elite of the Golden Horde

Abstract. The article analyzes the formation of the Turkic political elite, their features and position in the complex and large-scale management system of the Golden Horde. The administrative structure of the Golden Horde had its own characteristics in comparison with all the states that emerged after the collapse of the Mongol Empire. Including the active role of nomadic Turkic-Mongolian aristocrats in the structure of the administration of the Golden Horde and its social and political life, was reflected in the ranks of the military aristocracy (noyons, beks, emirs). In the article, the main attention in the analysis of the activities of the Turkic political elite was paid to the information of geneology, heroic epics and legends, as well as medieval written sources. Information from written sources was compared with samples of historical epics and Kazakh genealogies. The article analyzes several ways and factors that contributed to the transformation of natives of nomadic Turkic-Mongolian tribes into the political elite of the Golden Horde. The Beks, who came from local tribes, went down in history as influential figures who played a special role in the history of the Golden Horde. As a result of Kypchakization, the ideology of Genghis Khan underwent changes. However, it formed its worldview in the post-Golden Horde, including in the late period of the Kazakh Khanate, and remained in the history of our people to this day in the form of legends, epics, architectural monuments.

Keywords: Beki; Golden Horde; Turkic elite; social status; Flash Bahadur

References

Agatai U.M. «Obladatel soroka kopii» v spiske Daftar-i Gingiz-name: opredelenie, znachenie, simvol. Universum Humanitarium [«The owner of forty copies» in the list Daftar-I Gengis-name: definition, meaning, symbol. Universum Humanitarium], 1, 92-114(2021). [in Russian].

Babalar sozi. Jyz tomdyk. T.39 [Word ancestors. One hundred volumes. V.39]. (Almaty, Foliant,2006. 448). [in Kazakh].

Istoriya Kazakhstana v persidskix istishnikax Tom III. Mu'iiiz al-ansab [History of Kazakhstan in Persian sources. Volume. III. Mu'iiiz al-ansab] (Almaty, Daik-Press, 2006, 672). [in Russian].

Istoriya Kazakhstana v arabskix istoshnikax T.3: Izvleshenie iz soshinenii XII-XVI vekov. Sostavlenie, perevod iz arabskogo iazyka, vvvedenie I komentarii A.K. Myminova. [History of Kazakhstan in Arfbic source T.3: Extract from the work of the XII-XVII centurries. Compilation, translation from Arabic, introduction and commentary by A.K. Muminova] (Almaty, Daik-Press, 2006, 713). [in Russian].

Ivanish M. «Daftar-i Gingiz-name» kak istochnik po istorii kochevyx obchrstv, Istochnikovedenie istorii Ulysa Djychi (Zolotoi Ordy). Ot Kalky do Astraxani 223–1556. [«Daftar-I Chingizname» as source on the history of nomadic societies, Source study of the history Ulus Jochi (Golden Horde). From Kalka to Astrakhan 1223-1556]. (Kazan, In-t istorii im. Ch. Mardjani AN RT, 2002, 314–328). [in Russian].

Kopeyuly M.-J. Kazak shejiresi. [Kazakh genealogy]. (Almaty, Zhaly, 1993, 76). [in Kazakh].

Favereau-Doumenjou M., Geever L. (2018). The Golden Horde, the Spanish Habsburg Monarchy, and the Construction of Ruling Dynasties, In: Prince, Pen, and Sword: Eurasian Perspectives Series: Rulers & Elites, 15, 452–512(2018). [in English].

Qazak qoljazbalary. On tomdyq. T.1. [Kazakh manuscript. Ten volumes. V.1]. (Almaty, Daik-Press, 2010, 624)

Qadyrgali J. Shejireler jinagy / Shagatay-kazak tilinen audaryp, algy sozin jazgandar N. Mingulov, B. Komekov, S. Oteniyazov. [Collection of genealogies / Translated from Chagatai-Kazakh, foreword by N.Mingulov, B.Komekov, S.Oteniazov]. (Almaty, 1997, 128). [in Kazakh].

Qazaq ru-taypalarynyn tarihy. Nayman. 1-kitap [History of Kazakh tribes. Naiman. 1-book]. (Almaty, Alash tarihi zertteu ortalygy, 2005, 443). [in Kazakh].

Qazakhstan tarihy tyraly mongol derektemelery. Mongoldyn qupia shejiresi [Mongolian date on the history of Kazakhstan, the secret history of Mongolia] (Almaty, Daik-Press, 2006. 395). [in Kazakh].

Materialy po istorii Kazakskih khanstv XV-XVIII vekov (Iz vlechenia iz persidskikh i tyurkskikh sochoneniy /Sostovitye S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, V.P. Yudin.). [Materials on the history of the

Kazakh khanates of the XV-XVIII centuries (Extracts from Persian and Turkic writings)]. (Almaty, Nauka, 1969, 651). [in Russian].

Mustakimov I.A. Ob odnom spiske «Daftar-i Shingis-name» [About one list of “Daftar-i Chinggis-name”], Medieval Turkic-Tatar states, 1, 122-131(2009). [in Russian].

Nogaibayeva M.S. Altyn Orda taipa bekterinin roli men qyzmety KazUU habarshysy. Tarih seriasy [The role and functions of tribal beks in the history of the Golden Horde. Journal of history], 3, 105-112(2022). [in Kazakh].

Utemish-hadji. Chingiz-name. Qazaqstan tarihy tyraly turki derektemeleri. T.1 [Utemish-haji. Genghis name]. (Almaty, Daik-Press, 2005, 150). [in Kazakh].

Sabitov J. Emiry Uzbek hana i Djanibek hana [Emirs of Uzbek Khan and Janibek Khan], Golden Horde Review, 2(4), 120-134(2014). [in Russian].

Seleznev Y.V. Elita Zolotoi Ordy [Elite of the Golden Horde]. (Kazan, Izdatelstvo «Fen» AN RT, 2009, 232). [in Russian].

Tizengauzen V. Sbornik materialov, odnosyashihsya k istorii Zolotoy Ordy. Izvlecheniya iz arabskikh istochnikov. [Collection of materials relating to the history of the Golden Horde extract from Arabic sources]. (SPb., 1884, 564). [in Russian].

Tizengauzen V. Sbornik materialov, odnosyashihsya k istorii Zolotoy Ordy. Izvlecheniya iz persidskikh sochineniy. [Collection of materials relating to the history of the Golden Horde. Extracts from Persian writings]. (Moskva-Leningrad, 1941, 605). [in Russian].

Fedorov-Davydov G.A. Obshestvennyy stroy Zolotoy Ordy. [The social structure of the Golden Horde]. (Moskva, MGU, 180). [in Russian].

Shamiloglu Y. Plemenaya politika i sosialnoe ustroystvo v zolotoi Orde [Tribal politics and social structure in the Golden Horde] Translation from English lang. Ch.I. Khamidova, R. Hautala. Rep. ed. I.M. Mirgaleev. (Kazan, Institute of History. Sh. Marjani AS RT, 2019, 260 p.) [in Russian].

Автор туралы мәлімет:

Ногайбаева Мендигуль Сагатовна – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, тарих факультетінің деканы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Nogaibayeva Mendigul Sagatovna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Dean of the Faculty of History of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.